

данных. Кроме того, чрезмерно обобщённые или, наоборот, слишком детализированные опросники затрудняют интерпретацию и снижают мотивацию респондентов к участию.[4]

Организационные трудности включают низкий уровень вовлечённости сотрудников, отказ от участия, формальные ответы или опасения по поводу конфиденциальности. Это особенно актуально в условиях недостаточной прозрачности внутри организации или при отсутствии доверия к руководству[5]. В таких случаях возникает риск получения неполных или предвзятых данных, не отражающих реальную картину.

Ошибки могут возникать и на этапе обработки информации. Неправильное применение статистических методов, игнорирование контекстных факторов, а также недостаточное внимание к качественным данным (например, открытым комментариям) могут привести к упрощённым или ошибочным выводам. Визуализация данных без учёта нюансов восприятия также способна исказить интерпретацию.

Особую сложность представляет этап интерпретации. Здесь возможны когнитивные и аналитические искажения, когда исследователь склонен подтверждать заранее сформированные гипотезы или игнорировать противоречивые данные. Также существует риск чрезмерной генерализации выводов без учёта индивидуальных и групповых различий.

Наконец, трудности могут возникнуть при представлении результатов и формулировании рекомендаций. Недостаточная конкретность предложений, отсутствие связи между выявленными проблемами и управленческими решениями, а также игнорирование мнения сотрудников при разработке корректирующих мер могут снизить эффективность мониторинга и вызвать сопротивление изменениям[6].

Мониторинг удовлетворенности трудом представляет собой не только управленческий инструмент, но и важную психологическую практику, направленную на изучение внутреннего состояния сотрудников, их отношения к профессиональной деятельности, социальной среде и организационной культуре. С позиции психолога, данный процесс позволяет глубже понять мотивационные механизмы, эмоциональное благополучие и когнитивные установки работников, что особенно важно в условиях трансформации трудовых отношений и роста требований к качеству рабочей жизни[7].

Рассмотренные методы мониторинга — от количественных опросов до качественных интервью — дают возможность выявить как явные, так и латентные проявления неудовлетворённости, включая стресс, выгорание, снижение вовлечённости и ощущение несправедливости. Практика применения мониторинга показывает, что его эффективность напрямую зависит от доверия сотрудников, прозрачности процедур и готовности организации к реальным изменениям на основе полученных данных.

Для психолога практическая значимость мониторинга заключается в возможности не только диагностировать текущее состояние трудовой среды, но и формировать рекомендации, направленные на улучшение психосоциального климата, развитие поддерживающей коммуникации и укрепление личностного ресурса сотрудников. Таким образом, мониторинг удовлетворенности трудом становится важным элементом психологического сопровождения персонала и способствует формированию здоровой, устойчивой и продуктивной рабочей среды.

#### Список использованной литературы

1. Базаров Т.Ю. Психология управления персоналом. Теория и практика — Юрайт: Москва, 2014
2. Карпов, А. В. Психология труда : учебник для бакалавров /; 2-е изд. Издательство Юрайт, 2019.
3. Трубин, А. И. Удовлетворенность трудом как экономическая категория в современной теории и практике. — Уральский федеральный университет, 2017.
4. Климов Е. А. Психология профессионального самоопределения. — «Академия»:Москва, 2015.
5. Маслоу А. Мотивация и личность. — М.: Питер, 2019
6. Евтихов О.В. Психология управления персоналом. — СПб.: Питер, 2021.
7. Леонтьев Д. А. Психология смысла: природа, структура и динамика смыслообразования. — М.: Смысл, 2019.

ӘОЖ 37.032

## **Е.А. БӨКЕТОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ӨЗЕКТЕНДІРУІНІҢ ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ**

**Солощенко П.П.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Караконисова С.Г.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Бүркітбай А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі Қазақстанның жаһандық тұрақсыздық пен жаңа өркениеттік сын-қатерлер жағдайындағы даму стратегиясы адамның табысты өзін-өзі өзектендіруінің, оның әлеуметтік және мәдени дербестігінің, еркін және шығармашылық белсенділігінің шарттарын, құралдары мен тәсілдерін қазақстандық қоғамның тұрақты дамуының іргелі негіздері ретінде айқындауды көздейді. ХХ ғасырдың екінші жартысында А. Маслоу ұсынған өзін-өзі өзектендіру ұғымы адамның әлеуетті мүмкіндіктерін, қабілеттері мен таланттарын үздіксіз іске асыруды, өзінің миссиясын, яғни шақыруын, тағдырын орындауды қамтиды. Бұл үшін өзінің бастапқы табиғатын неғұрлым толық тану және, демек, оны қабылдау, сондай-ақ тұлғаның тұтастыққа, интеграцияға, немесе ішкі синергияға бағытталған талмай ұмтылысы қажет [1]. Аталған ұғымды Қазақстан қоғамының заманауи білім беру практикаларына енгізудің

өзектілігі күмән туғызбайды, өйткені бұл еліміздің даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. Осы ретте Қ.-Ж. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысындағы өз сөзінде былай деп атап өтті: «Озық мемлекет құру үшін азаматтарымыз өз бойында жасампаздыққа ұмтылысты және инновациялық ойлауды жүзеге асыруы қажет. Сондықтан біз қоғамда білім куәлігін жүйелі түрде орнықтырып, білім мен ғылымды дәйекті түрде дамытып келеміз. «Адал азамат» – бұл ең үздік қасиеттерге ие, адал еңбектеніп, адалдық пен әділдікті бәрінен жоғары қоя отырып, лайықты жетістікке жететін адам. Прогрессивті ұлт болу үшін бүкіл азаматтардың дүниетанымын өзгертіп, қоғамдық санамызда жаңа құндылықтарды берік орнықтыруымыз қажет»[2].

Әрине, әрбір адам белгілі бір ішкі әлеуетпен – қабілеттерімен, бейімділіктерімен, дамуға деген ұмтылысымен дүниеге келеді. Алайда бұл әлеует өздігінен жүзеге аспайды. Оны жүзеге асыру адамның өз күш-жігерін де, сондай-ақ осы күш-жігердің орындалуына жәрдемдесетін әлеуметтік жағдайларды да қажет етеді. Адамның өз даралығын ашуға бастайтын басты жолдардың бірі – білім беру. Білім беру тек қана білім беріп қоймай, тұлғаның өзін танып-білуіне, өмірінің мағынасын табуына, ішкі еркіндікке қол жеткізуіне және өз бойындағы ең озық қасиеттерін жүзеге асыруына көмектеседі. Дәл осы себепті білім беру өзін-өзі өзіктендіру үрдісінде аса маңызды рөл атқарады.

Дәл сол білім беру жеке қабілеттерді ашуға мүмкіндік береді. Әртүрлі оқу пәндері, шығармашылық және зерттеу тапсырмалары адамға өзін сан алуан рөлде сынап көруге, оны шын мәнінде баурайтын нәрсені айқындауға жол ашады. Бұл – өнер, ғылым, педагогика, инженерия, медицина болуы мүмкін; ең маңыздысы – білім беру ортасында адам үшін тек кәсіп қана емес, сонымен бірге оның өмірлік шақыруына айналатын ісін табуға мүмкіндік бар. Шынайы қызығушылықсыз, өмірді мағынамен толтыратын ісіз өзін-өзі өзіктендіру мүмкін емес. Сол сияқты, білім берудің жеке жауапкершілік пен дербестікті қалыптастыратыны да маңызды. Оқу күш-жігерді, тәртіпті, қиындықтарды еңсеру қабілетін талап етеді. Осы тәжірибе арқылы адам мақсат қоя білуге және соларға жетуге, шешім қабылдауға, сол шешімдері үшін жауап беруге үйренеді. Бұл өзін-өзі реттеуге қабілетті, ішкі еркіндігі бар кемел әрі орнықты тұлғаның негізін қалайды.

Осылайша, білім беру – кәсіби мамандық алудың жай ғана құралы емес. Бұл – адамды өз-өзіне бастайтын жол. Ол адамға тек білудің емес, сонымен бірге түсінудің, тек істей алудың емес, сонымен бірге сезінудің, тек жай өмір сүрудің емес, сонымен бірге мағыналы түрде болудың мүмкіндігін береді. Дәл осыдан оның өзін-өзі өзіктендірумен – адам өзінің болмысы бойынша бола алатын әрі болуы тиіс жанға айналатын үдеріспен – терең байланысы туындайды. Адамның өзін-өзі өзіктендіруінің негізгі басымдықтары – тұлғаның өз әлеуетін толық ашуға ұмтылысын бейнелейтін өмірлік негізгі бағдарлар.

Дегенмен, неге біз бүгін қазақстандық қана емес, жалпыадамзаттық ауқымда да қолданыстағы білім беру жүйелерінің қазіргі жағдайы білім беру қызметінің әрбір қатысушысына өзін-өзі өзіктендіру деңгейіне жетуге мүмкіндік бермейтінін мойындауға мәжбүрміз? Бүгінде әңгіме, ең алдымен, бұқаралық білім берудің қайшылықтары туралы екендігін атап айтуға болады. Себебі, білім берудің бұқаралылығы қоғамның жалпы сауаттылық деңгейін арттырғанымен, өз мазмұны жағынан мәдениеттің шынайы байлықтарынан едәуір алшақ жатыр; ол, негізінен, еңбек күшін даярлау және әлеуметтік нормалау талаптарына бейімделу дағдыларын дамытуға байланысты утилитарлық мақсаттарды көздейді. Сонымен бір мезгілде қоғамның жаңа өндірістік және әлеуметтік технологияларға деген сұранысы қойылатын міндеттерді шешуге қабілеті жоғары индивидтерді іріктеуге негізделген элитарлық білім беруді сақтап отыр. Бұл ретте мұндай іріктеуге қазіргі қоғамдағы әлеуметтік артықшылықтар мен мүліктік теңсіздіктің бар болуы едәуір ықпал етеді. Іріктеудің өзін демократияландыру әрекеттері, яғни «қабілетті» деп аталатындарды таңдау жүргізілетін адамдар санын көбейту бұл тығырықтан шығатын жол деуге келмейді. Өйткені тәрбиелеу мен оқытуға бағытталған әлеуметтік қызметке тартылған халықтың негізгі бөлігі тура да, ауыспалы мағынада да орта деңгейдегі біліммен шектелуге мәжбүр. Бұл білім беру ұйымдары – олардың ішіндегі ең бұқаралығы мектеп – өз қызметінің мәні бойынша, негізінен, еңбек нарығының қатысушыларын, белгілі бір өндіріс түріне және қолдағы әлеуметтік шындық талаптарына функционал тұрғыдан бейімделгендерді ғана даярлайтынын білдіреді; алайда осыған қарамастан, даярлықтың мазмұны мен ұсынылатын міндеттер көп жағдайда адамның табиғаты мен мүдделерімен еш байланысы болмай шығады.

Адамдардың өздерінің әрекеттік қабілеттері бұл жағдайда индивидтерден мүлде тәуелсіз әрі олардан ажырап кеткен, өздеріне емес, анонимді әлеуметтік тұтастыққа тиесілі нәрсе іспетті көрінеді. Адамдар осы анонимді әлеуметтік тұтастық әлемін дербестікпен «жаратқандырған» дәрежеде, дәл сол дәрежеде өз дербестіктерін жоғалтады. Бұл әлемді материалдық әрі рухани тұрғыдан байыта отырып, өздері материалдық та, рухани да тұрғыдан кедейленеді. Сөйтіп, халықтың басым көпшілігі үшін олардың өмір сүруінің қолдағы жағдайлары – шығармашылық ізденіске және өз таланттарын танытуға шақыратын мәселелер мен міндеттер әлемі емес, керісінше, сыртқы талаптар мен әзір тұрған даусыз заттар тәртібінің алгоритмдері үстемдік ететін әлем болып шығады. Адамның жеке қажеттіліктері, өзінің табиғатынан туындайтын біліктері мен икемдері өзін-өзі өзіктендірудің іргетасы болудың орнына, бөгденің қабілеттерін кәдеге жаратудың тәсілдеріне айналады. Осылайша, белгілі бір мінез-құлыққа және сананың белгілі бір формаларына бағдарламаланған, адам бейнесіндегі өзгеше «автоматтар» қалыптасады. Сондықтан өзін тұлға ретінде айшықтау өзін-өзі өзіктендіру үдерісінде заттардың табиғи тәртібінен өзіндік «ауытқу» ретінде қабылданады. Ал әлеуметтік қызметті қазіргі ұйымдастыру көбіне-көп жан-жақты қанау мен пайдалы әсерді сыпырып алудың патшалығы болып табылады; мұнда басты рөл мазмұны мен мағынасына қарамастан кез келген адамдық әрекетті, тіпті адамның өзін де – жалаң құрал ретінде – қанау шеберлігіне беріледі. Мұнда белсенді әрекетшілдік идеологиялық тұжырымдамасы қалыптасады, онда барша бар нәрсе иррационал еріктің тек қана құралдары мен тетіктері, аспаптары мен саймандары ретінде ұғынылады.

Бұл жағдайды тек шығармашылық-сыни үдеріс қана өзгерте алады; оның негізгі мазмұны мен мәні – адамдардың өз қызметінің әлеуметтік заттық формаларын өзгерту арқылы өзін өзгертуі. Аталған үдерістің тиімділігі адамның өзіндік болмысы мен өзін-өзі өзіктендіруге ұмтылысын әлеуметтік қызметтің ең маңызды мақсаты ретінде мойындауды көздейтін принциптің табысты жүзеге асыуымен айқындалады; бұл өз кезегінде дамудың тұтастығын, яғни алдын ала белгіленген қандай да бір өлшемге тәуелсіз, адамдық барлық күш-қуаттың өзімен-өзінің дамуын өз

алдына мақсатқа айналдырады. Сол себепті, тұлғалық қуаты ұмтылыстардың, қажеттіліктердің, мақсаттардың жалпылығын дараландыра алу қабілетінде, көптеген индивидтердің тарихи жинақталған энергиясын өз бойында шоғырландырып, оны ескірген әлеуметтік қатынастарды түрлендіруге, ойлау стереотиптері мен адамдардың шығармашылық бастамасын тұсаулайтын штампталған әрекеттерді бұзуға бағыттай алуында болатын адамдардың шығармашылық тәжірибесін қабылдау және игеру айрықша маңызды. Шынайы тұлғаның қайталанбастығы – оның бәріне ортақ жана нәрсені өз әдісімен ашуында; өзге адамдардың «мәнін» өзгелерден артық та толық та білдіруінде; өз іс-әрекеті арқылы қолдағы мүмкіндіктердің шекарасын кеңейтіп, жұрт әлі білмегенін, меңгермегенін, түсінбегенін бәріне ашуында. Оның бірегейлігі де дәл осында: алғаш рет жаңа жалпылықты жасай отырып, ол жеке түрде өрнектелген жалпылық ретінде көрінеді. Шынайы тұлға ортақ игілік үшін көбірек әрі жақсырақ нәтижелерге жету мүмкіндіктері туралы тұрақты ойтолғаумен және өз табанды еңбегімен сыналған, бәріне ұсынар еңбектің жаңа эталонын жасап ұсына білу қабілеті арқылы танылады.

Осындай толғамдар қазақстандықтардың басым көпшілігі үшін өзекті ме, олар өздерін нағыз тұлға деңгейіне дейін тәрбиелеудің қажеттілігі туралы ойлануда ма? Біздің көзқарасымызша, бүгін осы сұраққа берілетін жауап қазақстандық қоғамның алдына қойылған міндеттерді шешудегі табысты айқындауға қабілетті. Дәл осындай деңгейдегі, қазақстандық жастарға лайықты үлгі бола алатын тұлға – академик Е.А. Бөкетов.

Оның өмірі мен қызметімен таныса отырып, ең алдымен, біз өмір жолы қазіргі өмірлік әл-ауқат, әлеуметтік жеткіліктілік және өзін-өзі жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар туралы түсініктерден мейлінше алыс басталған адамды көреміз. Алдымызда нақты өмірлік жағдаяттардың сан қырлы байлығында, шынайы өмірлік қиындықтар аясында ашылатын, соларды еңсеру барысында тұлғалық келбеті қалыптасқан адамның өмірбаяны тұр.

Екіншіден, біз бүкіл қоғамның игілікті дамуы үшін өзінің жеке жауапкершілігін терең сезінген әрі өзге адамдардың да мұндай жауапкершілікке дайын екеніне сенген, әлеуметтік міндеттеріне лайықты да парасатты қатынастың үлгісін көрсеткен адамды көреміз.

Үшіншіден, біз нақты адамның өмірі халық пен елдің тарихи тағдырына барынша табиғи түрде өріліп кеткенін көреміз; бұл жекелеген адамның мүдделері мен бүкіл қоғамның мүдделері қаншалықты тығыз өзара байланысты екенін және осы өзара байланысты адамның өзі ұғынып-түсінуінің оның қоғамдағы жеке шақыруын пайымдауы мен тұлғалық қалыптасуы үшін қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді.

Е.А. Бөкетовтың шығармашылық мұрасына жүгінсек, өзін-өзі түсінуге, тұлғалық өсуге, өз мүмкіндіктері мен шектерін зерделеуге, тұрақты өзіндік білім алуға және рефлексияға ұмтылысындағы адамның өзін-өзі өзектендіруінің айқын үлгісін көреміз. Оның қызметіне ойлау мен мінез-құлықтағы дербестік, сыртқы қысымнан емес, ішкі сенімдерінен туындайтын шешімдер қабылдай білу қабілеті, тек өзінің өмірі үшін ғана емес, ортақ игілікке қосқан үлесі үшін де жеке жауапкершілікті сезіну, өзгелерге жәрдемдесу сияқты маңызды қасиеттер тән.

Қоғам қайраткері ретінде Е.А. Бөкетов ағартушылықтың, интеллигенцияның моральдық жауапкершілігінің және адамдық қадір-қасиетті қорғаудың белсенді жақтаушысы болды. Ол білім беруді тек білімді жеткізу тәсілі ретінде ғана емес, саналы, жауапты тұлғаны қалыптастыру құралы деп қарастырды. Оның еңбектерінде жастардың тағдыры мен олардың алатын біліміне қатысты алаңдаушылық айқын естіледі: оның пікірінше, олар барған сайын формализмге, мансапқорлыққа, немқұрайдылыққа бағынып барады. Міне, осы тұста оның азаматтық ұстанымы көрінеді: жаны жоқ жүйеге қарсылық, білім мен ғылымның гуманитарлық негіздерін қорғау. Е.А. Бөкетовтың мақалаларында білім берудегі формализмге өткір сын айтылады. Автор білімнің құндылығы дипломдармен және атақ-лауазымдармен өлшенетін жүйені айыптайды. Ол шынайы білім – ақпарат сомасының жиынтығы емес, ойлай білу, күмәндану және іздену қабілеттерін дамыту екеніне баса мән береді. Оның пікірінше, студент дайын ақиқаттарды тұтынбауы, надандықпен күрес барысында ақиқатты өзі табуға үйренуі тиіс. Е.А. Бөкетов «жоғары кәсіби білімді толық меңгерген, жаң-жақты білімдар болумен қатар, жоғары адамгершілік қасиеттерді де бойына сіңірген мамандарды сапалы даярлауға қам жасау қажеттігіне» берік сенді [3; 65].

Е.А. Бөкетов білімнің өмірден алшақтауына ерекше алаңдады. Ол өзіне замандас жоғары оқу орны білімін танымға деген шынайы құштарлық жоғалған, ал ғалымдар көбіне «ғылымның шенеуніктеріне» айналатын кеңістік ретінде сынады. Ал студенттерге сабақ беретін ғалымның шынайы мұраты – тек білімді жеткізу емес, сонымен бірге рухтандыру, шәкірттің дербестігін және этикалық сезімін ояту. Е.А. Бөкетов жазған мәтіндер оның көкжиегінің кеңдігін, тұтас картинаны көре білу қабілетін айғақтайды: этика мен метафизикадан бастап университеттің, ғылымның, қоғамның нақты мәселелеріне дейін. Ол ғылымның бюрократиялануын, оқытушылардың ішкі еркіндігінің жоқтығын, ақиқаттан қорқуды батыл сынады. Бұл оны академиялық қауымдастықтың ар-ожданы етеді. «Жизнь замечательных людей» сериясымен жарық көрген Е.А. Бөкетов туралы кітабында М. Сарсеке былай деп жазады: «Университетті басқару тізгінін қолына алған Е.А. Бөкетов ол кезеңдегі жоғары мектепке тән формализмді, догматизмді, қағазбастылық пен кеңселік селқостықты түп-тамырымен жоюға ұмтылды. Оқу үдерісін ол қалыппен ойлайтын ортақолдарға емес, дербес ойлауға және шығармашылық ізденіске қабілетті студенттерге бағдарлады» [4; 352].

Бұл Е.А. Бөкетовтың ғылым ретінде де, ғылыми қызметті ұйымдастырушы ретінде де өзінің ұстанымына толық сай келеді: ғылым – рухани ақиқатқа бастар жол. Е.А. Бөкетов ғылымның «ішкі еңбектену» екені туралы жазады; мұнда бастысы – сыртқы жетістіктер емес, ойдың адалдығы, тереңдігі және батылдығы: «Ғылым — ішкі еңбектену. Ол адам ақиқатпен бетпе-бет қалған жерден басталады» [5; 18]. «Ғылым — кәсіп те емес, міндет те емес, еркіндік» [5; 20].

Е.А. Бөкетов ғылымды тек қана утилитарлық құрал ретінде түсінетін идеяны қабылдамай, оның метафизикалық өлшемін айрықша атап көрсетеді. Ол ғылыми ізденісті ішкі қызмет етудің бір түрімен – қоғамға да, мемлекетке де емес, ақиқатқа қызмет етумен – салыстырады. Мұндай ұстаным ғылымды технология мен пайдаға ғана әкеп тірейтін прагматикалық көзқарасқа қарсы қойылады. Е.А. Бөкетов үшін шынайы ғылым – шығармашылық пен еркіндіктің түрі; мұнда ғалым өз-өзіне адал болып, мансаптық өсу не мойындалу үшін ымыраға бармауы тиіс, өйткені ғылым жан тұтастығын, шынайылықты және моральдық беріктікті талап етеді. Ол конформизмнің қатерінен сақтандырып, қорқақтық пен атаққұмарлықты ақиқаттың басты жаулары деп атайды. «Сен ақиқатқа қызмет етіп

жүріп, өз-өзіңе өтірік айта алмайсың — ғалым кәсібінің тұтас трагедиясы осында» [5; 42]. Осы контексте біз құрып жатқан ғылым мен білімнің сипаты үшін жеке жауапкершілікке шақыру анық естіледі.

Е.А. Бөкетов ғылымды қоғамның мәдени өмірінің бір бөлігі ретінде де қарастырады. Оның пайымдауынша, мәдениет және тарихпен рухани байланыссыз ғылым өзінің гуманистік өлшемін жоғалтады. Ғылыми еңбек жекеленген мәселелерді шешудің ғана емес, адамзат алдындағы борыштың сезімімен нәрленуі керек. «Ғылым тарихы — рухтың тарихы. Біз оны мұрағат ретінде емес, ар-ождан ретінде арқалаймыз» [5; 40].

Е.А. Бөкетов дәйекті түрде шынайы ғылыми шығармашылық тек ішкі еркіндік жағдайында ғана мүмкін екенін негіздейді. Ғылым — билікке қызмет те емес, мансап та емес, қоғамға көрсетілетін жай ғана қызмет те емес, ақиқатты еркін зерделеудің формасы. Оның пікірінше, ғылыми ізденіс — сыртқы беделдерге бағынбайтын, дербес әрі еркін ойлау. Е.А. Бөкетов шынайы білім берудің ішкі еркіндіксіз, ал ғылымның ақиқатқа қызмет етудің мүмкін еместігіне кәміл сенді. Сондықтан көрнекті ғалым мен педагогтың бүкіл өмірі мен қызметі — утилитаризмге, бюрократияландыруға және интеллектуалдық өмірді формалдандыруға қарсы шақыру әрі ғылыми және педагогикалық әрекетте адалдыққа, ерлікке, рухани қадір-қасиетке қуатты үндеу.

Е.А. Бөкетовтың өмірі адамның табанды еңбегі, өзінің шығармашылық күш-қуаты мен қабілеттеріне деген сенімі, барша адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсартуға ұмтылысы арқылы сәттік өмірлік ахуалдың оның өз дамуын бұғаулайтын шарттылықтарын еңсеріп, әлеуметтік қызметінде еркін бола алатынын, тұлғалық дамуында тарихи ауқымға қол жеткізе алатынын көрсетеді. Демек, әрқайсымыз өзімізге барынша жоғары талап қоя отырып, өз әлеуметтік қызметімізге адал әрі жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Сонда ғана, бәлкім, адамның шынайы ұлылығы мен оның тұлғасының ақиқаттығы қандай да бір лауазым иеленуде немесе әлеуметтік иерархия сатысымен ілгерілеуде емес, қайта баршаға және әр адамға әлеуметтік игілік әкелуге адал еңбегімен еркін әрі саналы түрде ұмтылуда екенін түсіне бастаймыз. Көрнекті тұлға әрі ұлы ғалым ретінде Е.А. Бөкетов – адамның өзін-өзі өзектендіруінің жарқын үлгісі. Оның өмір жолы, шығармашылығы, ғылыми жаңалықтары өзінің әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылысын, туа біткен таланттарын ашуын және қиындықтарға қарамастан қойылған мақсаттарына табандылықпен жетуін айқын көрсетеді. Тегін емес, Е.А. Бөкетов туралы естеліктерінде Қарағанды мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, бірінші орынбасары Р.А. Клещева былай деп атап өткен: «Жекелік құпиясы – өз-өзің бола білу өнерімен байланысты. Бұл – өзің үшін жауап беру, өз өміріңнің тарихын өзің жасау деген сөз» [6; 238].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. – М.: Смысл, 1999. – 425 с.
2. Тоқаев, Қ.-Ж. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі (15 наурыз 2024 жыл) [Электрондық ресурс]. – Қолжетімдік режимі: URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116>.
3. Букетов Е.А. Грани творчества. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 124 с.
4. Сарсеке М. Евней Букетов. – М.: Молодая гвардия, 2007. – 605 с.
5. Букетов Е.А. Шесть писем другу. – Алма-Ата: Жалын, 1989. – 288 с.
6. Воспоминания о Евнее Букетове / Сост. К.А. Букетов, В.П. Малышев. – Караганда: ТОО «Арко», 2004. – 284 с.

ӘОЖ 94(574)

## ҒАЛЫМ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДАҒЫ ЭТИКА МӘСЕЛЕСІ: ТАРИХИ-ӨМІРНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

**Смагулова Г.М.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Түлеуова Б.Т.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*«Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге».*

Абай

Ғылым қарыштап дамып, оның салаларындағы бәсекелестік күшейген сайын ғылыми этика мәселесінің маңызы арта түседі. Ғалымдар арасындағы адалдық, сенім және сыйластық қағидалары ғылым дамуының негізгі кепілі болып табылады. Қазақ жерінде ғылымның дамуы қоғамның дамуымен қатар жүрді. Ғылыми ой-пікірдің тууы ежелгі замандардан бастау алса, қазіргі Қазақстан жерінде орта ғасырларда пайда болды. Аристотельден кейін «екінші ұстаз» атанған Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби, Қарахандар дәуірінде өмір сүрген Жүсіп Баласағұни тәрізді ғылыммен айналысқан тұлғаларды білмейтін адам кемде-кем. Бүгінде олардың еңбектерін әлемнің көптеген мемлекеттерінің ғалымдары ғылыми тұрғыдан зерттеулерін жалғастырып келеді. Олар Шығыс пен Батыстың ғылымы мен мәдениетін табыстырып, өзара интеграциялануына жол ашты. Бұл ғылымды танып, ғылымды мойындау дегенді білдіреді. Кейінгі ғасырларда Қазақстан жерін, оның бай тарихы мен мәдениетін, тұрмысы мен